

**Еңбекшілдер ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 сәуірдегі № С-12/5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 мамырда № 5949 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы № С-22/9 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 29.03.2018 № С-22/9 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Еңбекшілдер аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Еңбекшілдер ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Еңбекшілдер аудандық мәслихатының кейбір шешімдері осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес күші жойылған деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы*

*Е.Қазыбаев*

*Аудандық мәслихаттың  
хатшысы*

*С.Шәуенов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Ақмола облысы  
Еңбекшілдер ауданының  
әкімі*

*А.Қиықов*

**"27" сәуір 2017 жыл**

## **Еңбекшілдер ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі**

### **1. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері**

1. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган " Еңбекшілдер ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі " мемлекеттік мекемесі болып анықталды, ол отбасының (азаматтың) жиынтық табысын қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсанға есептейді.

#### **2. Шекті жол берілетін шығыстар үлесі:**

жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

тұрғынжайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және қалалық телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоннеттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге отбасының (азаматтың) жиынтық табысының 15 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

3. Жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға белгіленген көлемінің нормасынан жоғары болса, төлем жалпыға бірдей негізде жүргізіледі. Жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы бір адамға он сегіз шаршы метр.

### **2. Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі**

4. Тұрғын үй көмегі аудандық бюджет қаражаты есебінен Еңбекшілдер ауданында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) ұсынылады.

5. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік

көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11015 тіркелген) бекітілген "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Тұрғын үй көмегі өтініш берілген күнге байланысты емес ағымдағы тоқсанға толық тағайындалады, ал отбасының (азаматтың) өткен тоқсандағы табыстары мен коммуналдық қызметтерінің шығындары, келесілерді қоспағанда есепке алынады:

отбасылардың (азаматтардың) жеке меншігінде бір бірліктен артық тұрғын үй (пәтер, үйжай) немесе жалға берген (қосымша жалға берген) тұрғын үйлері болса

7. Коммуналдық тұрғын үйде тұратындар үшін жылу беру шығындары жоспарлық есеппен алынып, нақты төлем жасалғаннан кейін қайта есептеледі.

8. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеу " Еңбекшілдер ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі " мемлекеттік мекемесімен екінші деңгейдегі банктер арқылы өтініш берушілердің жеке шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

9. Тұрғын үй көмегі, тұрғын үйдің меншік иесі болып табылатын, жалға алушылармен (тұрғын үйді жалға алу шарты болған кезде) коммуналдық қызметтерге және қатты отынды сатып алу шығыстарын өтеу бойынша жергілікті жылытумен жеке үй құрылыстарында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) беріледі.

10. Жергілікті жылумен қатты отынды тұтынуға өтемақы нормасы өтініш беру тоқсанында отбасыға (азаматқа), жылу беру маусымына бес тонна деп белгіленсін. Бір шаршы метрге шығын айына 49,85 килограмм мөлшерінде есептеледі. Статистикалық мәліметке сәйкес өткен тоқсанда қалыптасқан көмірдің орташа бағасы алынады.

11. Электр энергиясының шығын нормасы бір адамға айына 50 (елу) киловаттан белгіленсін.

12. Телекоммуникациялар желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің көтерілуіне өтемақы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысымен бекітілген, әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің стандартына сәйкес жүргізіледі.

## **Еңбекшілдер аудандық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізімі**

1. Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № С-39/6 " Еңбекшілдер ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешімі ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4815 тіркелген , 2015 жылы 12 маусымда "Жаңа дәуір" - "Сельская новь" газетінде жарияланған) ;

2. Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2015 жылғы 13 шілдедегі № С-40/4 " Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 сәуіріндегі № С-39/6 " Еңбекшілдер ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгерту енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4928 тіркелген, 2015 жылы 21 тамызда "Жаңа дәуір" - "Сельская новь" газетінде жарияланған);

3. Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 шілдедегі № С-3/6 " Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № С-39/6 " Еңбекшілдер ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5501 тіркелген, 2016 жылы 9 қыркүйекте "Жаңа дәуір" - " Сельская новь" газетінде жарияланған).